

ҚР созылмалы жұқпалы емес аурушандықтың эпидемиологиялық жаңдайын бағалау;

Созылмалы жұқпалы емес аурушылдық: жүрек-қан тамырлар, қант диабеті, онкологиялық аурулар жиі өлім себептері болып табылады. Көптеген жұқпалы емес аурушылдықтың жалпы қауіп факторлары болып темекі, артық дене салмағы (АДС), қандағы холестерин деңгейінің жоғары болуы, жоғары артериалдық қан қысымы (АҚ), алкоголь және есірткілерді қолдану, төмен физикалық белсенділік, психоэлеметтік бұзылыстар табылады.

Дамыған елдер тәжірибесі СЖЕА қауіп факторларының таралуын қарқынды түрде шектеу шараларының нәтижесі ретінде халық өмірінің орташа ұзақтығының жоғарылайтынын дәлелдейді.

СЖЕА қауіпті негізгі факторларға
эпидемиологиялық мониторингға тиесілі.
СЖЕА қауіп факторлары жөніндегі мәліметтер
профилактикалық шараларды жоспарлау
үрдісінде өте маңызды, әрі сол шаралардың
тиімділігін бағалау құралы болып табылады.
СЖЕА қауіп факторларының
эпидемиологиялық мониторинг нәтижелері
бірыңғай мәліметтер базасын құра отырып,
жалпы отандық денсаулық сақтау жүйесінің
приоритетін дұрыс анықтауға мүмкіндік беруі
тиіс.

Мониторинг кешенді жүйесін құру жүрек- қан тамыр және басқа да жұқпалы емес аурулармен аурушылдық және өлім көрсеткіштеріне әсер ететін көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік береді, олардың динамикасы денсаулық сақтау жүйесінің барлық деңгейлерінің басқару ұйымдарының қызметін сипаттайды, сонымен қатар мұндай жүйе денсаулық сақтаудың сұраныстары мен приоритетін динамикада бағалауға, қолданыстағы іс-шаралар мен бағдарламалардың тиімділігі мен мақсатқа орай екенін бағалауға мүмкіндігі бар.

Сенімді нәтижелер алу үшін СЖЕА қауіп факторларын мониторинг жасаудың келесі қағидаларын іске асыру қажет:

- • ДДҰ ұсынған дефиницияларын қолдана отырып жұқпалы емес аурушылықтың даму қаупінің негізгі факторларын анықтау және сипаттау;
- • ғылыми негізделген және елдегі немесе аймақтағы нақты жағдайға бейімдеуге мүмкін болатын айтарлық иілгіш қауіп факторлары бойынша ақпарат жинау және талдауға координацияланған жүйе;
- • мониторинг жүргізуде қолдау көрсететін материалдар мен құралдардың болуы, сонымен қатар оқыту мүмкіндігі;
- • алынған ақпараттың стратегиялық шешімдер мен бағдарламаларды өңдейтін басшыларға, саясаткерлер мен қаржыландырудың потенциалды көздеріне, бұқаралық қоғамға жеткізуді қамтамасыз ететін тиімді механизмдердің болуы;
- • мемлекеттер мен түрлі аймақтардағы жағдайларды салыстыруға мүмкіндік беретін ұлттық және халықаралық деңгейлердегі мәліметтермен алмасу үшін жаңа технологияларды қолдану.

Пайдаланылған әдебиеттер

□ <http://helpiks.org/7-38296.html>